Конкурсное предложение предоставляется участником конкурса в закрытом конверте, отпечатанное или написанное несмываемыми чернилами в прошитом виде с пронумерованными страницами, где последняя страница заверяется: подписью участника – для физических лиц (или доверенного лица) и подписью первого руководителя (или доверенного лица) и печатью (при ее наличии) – для юридических лиц.

Прием регистрация и заявок на участие в конкурсе проводится по истечении тридцати календарных дней со дня первой публикации извещения о проведении конкурса от 04 октября 2022 года до 24 октября 2022 года.

Извещению землеустройтельных схем сельхозугодии выставляемых на конкурс можно прочитать на интернет-ресурсе местных испольнительных органов и специальных информационных стендах сельских округов и ГУ отдела земельных отношении, архитектуры и градостроительства Актогайского района Карагандинской области.

Полную информацию можно получить в государственном учреждении «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства Актогайского района». Контактные телефоны: 8(71037) 2-12-92; 2-13-83.

*Қазақстан-2050: мемлекеттік қызмет*

# «Бюроктратиядан арылу – ауқымды өзгерістердің жүйелі жалғасы»

2022 жылғы 14 сәуірде Мемлекет басшысы «Мемлекеттік аппараттың қызметін бюрократиядан арылту жөніндегі шаралары туралы» Жарлыққа қол қойған болатын. Президентіміздің бұл ісі бюрократия және сыбайлас жемқорлықпен ымырасыз күресуге бағытталған зор саяси ерік-жігерінің көрінісі деп білемін.

Мемлекеттік қызметтің ең үлкен кемшілігі – бюрократия, қағазбастылық, жауапкершіліктен жалтару, жайбасарлық бұл факторлар мемлекет қолға алған бастамалардың жүзеге асуына тұсау болатыны жасырын емес.

Осы орайда жоғарыда аталған Жарлық қызмет қолданушылар үшін сервис сапасын жақсартуға алып келеді. Іс-шараны тиімді жүзеге асыру мақсатында мемлекеттік қызметшілер мен азаматтар арасында жыл сайын бюрократия мәселесіне қатысты онлайн сауалнама жүргізілу көзделіп отырғаны да қуантарлық. Бұл – сөз жоқ, бюрократиялық тетіктердің жасырын түрлерін анықтауға мүмкіндік беретін тиімді шара.

Бұл барлық мемлекеттік органдар мен ұйымдардың жұмылдырылған талпынысын талап ететін Президенттің тікелей бақылауындағы жұмыс.

Бұл қадам Жаңашыл Қазақстанның бір бөлігі іспеттес. Біз бюрократиядан мейлінше арылғанда ғана мемлекеттік органдардың азаматтар алдындағы маңызы артады. Қазіргі таңда мемлекеттік органдарда бюрократиядан арылу мәселесі бойынша жұмыстар қарқынды атқарылып жатыр.

Атап айтқанда, Агенттіктің Қарағанды облысы бойынша Департаментімен «өтініштерді қарау» бағыты бойынша мониторинг және жыл соңына дейін білім, денсаулық, халықты әлеуметтік қорғау салалары бойынша талдау жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Жалпы, мақсатты атқарылатын жұмыс легі көп. Өзгерістер ауқымды. Қазір – тез қимылдап, жедел әрекет ететін уақыт. Сондықтан, қалыпты жұмыстарды қалыс қалдырмай, жаңашылдықты да мейлінше тез қолданысқа енгізу – бүгінгі күннің басты талабы. Жаңашыл Қазақстанның іргетасы саяси және экономикалық реформалардың үйлесімді байланысы негізінде қалануы тиіс. Бұл – мемлекетіміздің алға қарай қарыштап қадам басуына және азаматтарымыздың өмір сүру деңгейінің жоғарылауына әкелетіні белгілі.

**Ербол Қадбығалиұлы Жолдаңғар,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері Агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп кеңесінің төрағасы.**

# Жер аманаты – ел аманаты

(Соңы. Басы 1-бетте).

өзгерістер енгізіледі», – деді Е.Саиров. Басқосуда Қызыларай ауылдық округінің тұрғыны Нұрбол Арынбаев: «Мал саны өсіпжатыр. Ал, жем-шөпбазасы жетіспейді. Әсіресе, шағын шаруашылықтарға қиын. Жаңа жайылымдар, мемлекет тарапынан қолжетімді субсидиялар қажет», – деп, ауыл тұрғындары «Жер аманаты» комиссиясына үлкен үміт артатынын айтты. Ал, Абай ауылының тұрғыны Елдос Майлыбаев аудан тұрғындарының басым бөлігі ет және сүт шаруашылығымен айналысатынын атап өтті.

«Жайылым тапшылығы әр ауылда сезіледі. Комиссия жұмысының осы облыстағы нақты нәтижесін көріп отырмыз. Бұл – қуанарлық жағдай. Партиялықтармен кездесуде өзге де түйткілді мәселелерді атап өттік. Ол мәселелер де өз шешімін табуы тиіс», – деді Е.Майлыбаев.

Сөз алған белгілі заңгер Бақытжан Базарбек: «Өкінішке қарай, жергілікті тұрғындар барлық жайылымнан шеттетілді. Ауыл тұрғындары мұндай комиссияны күтіп отырғанын көріп отырмыз. Бәрін тексеріп, қазірде кейбір олигархтардың жерін мемлекетке қайтарып жатырмыз. Тағы да қайталап айтамын: заң алдында бәрі тең», – деп комиссия мүшелері жайылымдардың әділ бөлінуіне қол жеткізуді жалғастыратынын атап өтті.

Кездесу барысында шаруа қожалығының жетекшілері комиссия мүшелеріне сұрақ-сауалдарын қойып, түщымды жауаптарын алды. Мұнан соң комиссия мүшелері мен жиналған жұртшылық «GLOBAL BEEF PRODUCTS» ЖШС-нің атқарып жатқан жұмыстарымен танысты. Айта кетейік, аталмыш ЖШС аймақтағы асыл тұқымды сүтті-етті бағыттағы ірі қара малын өсіріп отырған репродукторлы шаруашылықтардың бірі. Түйіндей келгенде, «Жер аманаты» комиссиясының алғашқы қадамы жаман емес. Әйтсе де, жер мәселесі ол бір ғана партияның емес, ол жалпы қазақтың мәселесі. Ендеше, көбе сөгілді, сең қозғалды.

**Думан ҚАБЫЛ.**

*Қазақстан-2050: білім стандарты*

# Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды қаржыландыру

2022 жылға арналған мемлекеттік аудит нысандарының Тізбесін орындау мақсатында Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің тапсырмасына сәйкес, 2019-2022 жылдар аралығындағы кезеңге Ақтоғай ауданының білім бөлімінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды қаржыландыру бойынша жан басына шаққандағы бюджеттік қаражатты пайдалану мәселелері бойынша аудиторлық тексеріс жүргізді.

Аудиторлық тексерістің қорытындысы бойынша ҚР Үкіметінің 2019 ж. №988 қаулысымен бекітілген, ҚР Үкіметінің 2021 ж. №726 қаулысымен «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасының бекітуіне, онда «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» бірінші бағыты бойынша, оған сәйкес балаларды 3 жастан 6 жасқа дейін - 100% және 2 жылдан 6 жылға дейін - 76,8% қамту үшін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз ету міндеті қойылуына байланысты алғашқы қаулы күшін жойған.

2021 жылдан бастап Қарағанды облысы әкімдігінің 2021 ж. №06/01 «Мемлекеттік білім беру ұйымдарында орта білім беруге, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырыстарын, ата-аналар төлемінің мөлшерін бекіту туралы» қаулысына сәйкес 2021 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, сондай-ақ мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша қызмет алатын балаларға ата-ана төлемінің шекті мөлшері бекітілген.

Жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесі бойынша 2021 жылға 1 оқушыға жан басына шаққандағы қаржыландыру нормативі қала бойынша: 10,5 сағаттық қатысу режимі бар топтар – 37847,0 теңге, 9 сағаттық қатысу режимімен топтар – 29336,0 теңге, толық емес жұмыс күні бойынша шағын орталықтар – 8178,0 теңге, 10,5 сағат тұруы бар түзеу топтары – 65242,0 теңге, 10,5 сағаттық қатысу режимімен туберкулездік интоксикациямен ауыратын балалар тобына – 52458,0 теңге, ауылда: 10,5 сағат тұру топтары – 38177,0 теңге, 9 сағаттық болу режимі бар топтар – 34824,0 теңге, толық емес жұмыс күні бойынша шағын орталықтар – 10922,0 теңге, 10,5 сағат тұруы бар түзеу топтары – 78434,0 теңге, туберкулездік интоксикациямен ауыратын балалар тобы 10,5 сағат болу режимімен 68235,0 теңгені құраған.

Сонымен бірге, ҚР-ның 2007 ж. №319-ІІІ «Білім туралы» Заңының 62-бабының талаптары бұзылып, Ақтоғай ауданының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған білім ұйымдары мемлекеттік тапсырыс бойынша шығындары жоспарланған және мемлекеттік тапсырыс есебінен коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындары мен жекеменшік балабақшалар қаржыландырылған. Дегенмен, 2019-2021 жылдарға арналған бюджеттік өтінімдерде және олар бойынша есептеулерде жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесінің талаптары ескерілмеген, яғни балалардың жоспарлы саны және бір тәрбиеленушісіне шаққандағы шығындардың орташа құны көрсетілмеген.

Сонымен қатар, мемлекеттік білім беру тапсырыстарын орналастыру Ережесінің талаптары бұзылып, білім бөлімімен коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындарына мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша мемлекеттік білім беру тапсырыстарын орналастыруға бақылау кезеңінде конкурс өткізілмеген.

Жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру мектепке дейінгі ұйымдардың оқу-тәрбие процесін қаржыландыру көлемінің есебінен басқа шығыстарға қолданылғаны анықталған жоқ.

Мемлекеттік аудит қорытындысы бойынша мекемеге заң бұзушылықтарды жою және кінәлілерді тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы нұсқама жіберілді.

**Қарағанды облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті.**

Этнограф-жазушы Ақселеу Сейдімбектің туғанына – 80 жыл

# Менің Ақселеуім

## ҚАЙРАН, АХАҢ!

Ахаң кетті-ау, көрсетпей қарасын да,
Қалған қара қазақтың бәрі –
Осында.
Алла ғана тұр қазір, біздер жоқпыз –
Ақселеу мен Алаштың арасында.
Көзге Алаштан басқаны қара көрмей,
Қаракөгім –
Қайтсе де қалар өлмей;
Құлағына ғаламның бір жетерсің,
Қазақтағы ғажайып қара өлеңдей!
Қайран, Ахаң,
Хош, арда Алашұлы,
Әлиханның ақтық бір жан ашуы!
Жидебай мен Қараойдың шырақшысы ең,
Алла менен Абайдың жарасымы!
«Қазақ болу қашан да ғажап қой» деп,
Ауа жұту Алашсыз азаптай боп, –
Паң кейіпте жүруші ең,
Дүниеде
Пайда болған Алғашқы Қазақтай боп!
Сарыарқаға аспаннан дүбір еніп,
Саф алтындай орның үңірейіп, –
Енді, міне, Ең Соңғы Қазақтайын,
Қайда көшіп барасың күңіреніп?!
Кімдер сенің төбеңнен өкім етті,
Кімдер сенің сыртыңнан кекіп өтті?
Адамзатқа жіберген Алашымның,
Елшісі боп Сен қалдың –
Өкілетті!
Қазағыңның тартып бар күйігін де,
Көңіліңнің болмады-ау, күйі, мүлде.
...Фәниде де биікте жүріп едің,
Бақида да қалдың сол биігінде.

## «XX ҒАСЫРДЫҢ 20 СӘТІ»

Мен бала жасымнан арман, аңсарым болған «XX ғасырдың 20 сәті» деген поэманы Қызыларайда бастап, Қарқаралының Жиренсақал тауының етегінде жатып, 1977 жылы тәмамдап едім, (менде соның әртүрлі елу нұсқасы сақтаулы еді), ақ қағаз бен қаламды тастап, компьютерге көшкен соң, өртеп жібердім... Сол кезде Ахаң (Ақселеу Сейдімбек) республикалық «Социалистік Қазақстан» газетінің әдебиет пен өнер бөлімінің меңгерушісі еді. Салып ұрып Алматыға барайын. Қасымда – Дәуітәлі. Әскерден келген бетім. «Мен сізге поэма әкелдім!» – деймін ғой өзімше болып! Ахаң: «Біз поэма баса алмаймыз ғой. Бізде «Бес өлең» деген рубрика бар, соған ыңғайлап көрейін» – деді. Тастап кеттім...

Бір аптадан кейін қайта айналып келсем, Ахаң мені бас салып құшақтай алды. Ол кезде қызара бөртіп жүретін кезім:

– Айналайын, Серік! – деді Ахаң, – Мен сенен бірдеңе сұрасам, соны маған қиясың ба?

– Ол не? – деппін сасқанымнан.

– Арағыңды берші маған?!.

Мені бір «алкаш» деп естіген ғой... Біреулер оңдырмай сыртымнан жамандап қойған!

– Өзімде бары – осы ғана. Оны сізге берсем, маған не қалады?! – дедім!

Ахаң сол жолы жырдың көңілінен шыққанын айтып, өзіне алып қалды. Поэма сол жатқаннан «Социалистік Қазақстанның» қоржынында бақандай 5-6 жылдай жатты. Сонан кейін де оны жарыққа шығару оңай болмады...

«СҚ»-дан күдерімді үзіп, оны ұмытып та кетіп едім... Әлі есімде, 1984 жыл, күн сенбі болатын. Совет одағының кезінде Қарқаралыға «Правда» мен «Социалистік Қазақстан» шыққан күні келуші еді. «Социалистік Қазақстанның» төртінші бетін ашып қалсам, «Құрлықтар» деген атпен бір бетті алып, менің поэмам тұр! Сол поэма советтік цензура мен редактордың сүзгісінен әзер өтіп, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде жауапты қызмет атқаратын Әбіш (Кекілбаев) ағамның алқауымен 1984 жылы, «Жалын» баспасынан жұлым-жұлым боп жарық көрді. Алты жыл арпалысып жүріп, отыз төрт жасымда, жалғанның жарығына әзер шығардым. Көлемі бір баспа табақтай. Цензураның қатал тезінен өткен. Редактор шимайлаған... Өлеңдерімнің нобайы бар да, өзі – жоқ! Оның жарыққа шығуының өзі бір жыр: одан біреулер антисоветтік сарын іздеген-ді... «Мұны жарыққа шығаруға болмайды!» – деген сол кездегі көзі тірі классигіміздің жазбасын да өз көзіммен көргем. Ахаң оны «сен жоғалтып аласың» – деп, маған бермеді: ол хат Ахаңның архивінде жатуы мүмкін.





Басы дауда қалған қолжазба Қазақстан Жазушылар одағының поэзия секциясында қызу пікір туғызып, сол кездегі цензура мен редакторлардың сүзгісінен әрең өтіп, 1984 жылы «Жалын» баспасынан әзер дегенде жарық көріп еді. Кітапты әдеби орта, жырсүйер қауым қуана қабылдап, Ғ.Қайырбеков бастаған, Кеңшілік Мырзабеков, Жұматай Жақыпбаев, Ұлықбек Есдәулет, Есенғали Раушан, Светқали Нұржан қоштаған жылы лебіздер айтылды.

«Әлі есімде, досым Табылды (Досымов) бірде керемет бір ән шығарды. Сөзі – сұмдық!

«Дірілдерін, гүрілдерін,
Құлақ түріп, тыңдай қалып,
Бүгін менің жұмыр жерім,
Бара жатыр
Күнді айналып...».
– Кім жазған?! – деп шу
ете қалдық. Мұндай сөзді
алып ақынның жазғанына
күмәніміз жоқ еді.
«Күнді айналу –
мұңды ойлану,
Көз жастағы көліңменен.
Өмір деген –
Күнді айналу,
Күлге айналу –
өмір деген!».

Өлең сіздікі екен, аға! Сол күннен бастап Ақсұңқарұлымен ауырдық. Бүтіндей бір буын Сізді пір тұтты! Ақын Ақсұңқарұлы, Сіз бақыттысыз! Ендігі ақындар секілді оқырманымен, өлеңсүйер өрендерімен бақытты бола ала ма? Білмеймін, аға», – деп жазды айтулы журналист Арман Сқабылұлы Фейсбуктің бетінде «XX ғасырдың 20 сәті» хақында.

Менің буынымдағы арқалы ақындарға мұнан асқан марапаттың керегі шамалы!

Содан бері аттай 35 жыл өтіпті. Қоғамдық, экономикалық-саяси формациялар ауысты. Бодан жұрт азат елге айналды. Алланың алқап, әруақтың жебеуімен менің маңдайыма XX ғасырға XXI ғасырдың көзімен қараудың қаркеті жазылған екен – Тәңірге тәубе деп жүрмін. Ахаң көзі тірісінде: «Поэмаң қиын кезеңге тап келді ғой. Қайта жаз! Елің – азат. Цензура жоқ», – деп еді. Сол жырдың өзімше кемеліне келді-ау деген соны һәм соңғы нұсқасын Ұлықбек редактор боп тұрғанда «Жұлдыз» журналына жариялап едім. Сол Ахаңның көзіне түспеді. Отыз жыл бойы осы жырдың азабын мен қалай тартсам, Ақселеу ағам да менен кем тартқан жоқ-ау деп ойлаймын.

## АЗА ЖЫРЫ

Ахаң – Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Әлімхан Ермековтердің бізге қалған сарқытындай бір тұлға еді. Бәрі де мен туған топырақтың төлдері. Жендет Алаштың сорпа бетіне шығарын қолымен қалқып алғанда, Алла солардың көзіндей ғып Ахаңдарды қалдырып еді бізге. Орнында бардың оңалып жатқаны – содан. Соңында көшпелілер цивилизациясының үш тағанындай «Қазақ әлемі», «Қазақтың күй өнері», «Қазақтың ауызша тарихы» сынды үш сом дүниесі қалды. Ахаңдары бар Алаш өткен-кеткеннің жадынан шығара алмайды. Өткенін ұмытпаған ұлттың келешегі де кемел болады.

Қырық қабырғам сөгіледі неге осы,
Ет жүрегім егіледі неге осы?
Қалай менің қалмай ылғи соңымнан,
Жүреді еріп Абыл-Қабыл елесі?!
Қайда, қайран, Кеңшілігім – Кең-ағам?!
Тұла бойы –
Тұраннан қалған от, қуат.
Ру іздеп көрмеген, не топ құрап.
Қазағымның аузымен құс тістеген шайыры,
Алашта – бар,
Адамзатта – жоқ, бірақ!
Қайда, қайран, шіркін, Марат Қабанбай,–
Қазағыма көктен жеткен хабардай;
Күндей болып өте шыққан күркіреп, –
Алтынбегім –
Бір өзі – бір замандай?!
Алашына ақырып теңдік ала алмай;
Ақселеуім –
Кете барған көкте жалғыз Тәңірімен,
Жерде – жалпақ елге мейірі қана алмай...
Соңында қалдым солардың,
(Мен де бір тексіз жамандай!).
Көкті бақпай – жан бағып,
Ақиығым, Саған ілесе алмадық.
Қанша болды қолдан кісен түскелі?
Соны сипап...
Әлі отырмыз сандалып...
Абыл емес, –
Қабыл құрған қоғамда,
Шерлі басты тауға, тасқа соғам ба?
Бұ қазақтың келе жатқан тізерлеп,
Түрегелер күні жоқ па, о, Алла?!
Қырық қабырғам сөгіледі неге осы,
Ет жүрегім егіледі неге осы?
... Поэзия – Қабыл деген Жендеттің,
Абыл дейтін Бауырының Елесі!
Жүрегімде нала көп,
Өн-бойымды лапылдатып барады өрт;
Сенің қыршын ғұмырыңа, о, тоба,
Қалай балта шапты Қабыл – Қарабет?!
Ұлттың қаны қайда, сана, ақылы?
Аңдып жүріп, атты-ау, көздеп ақыры?
Шырылдаған шыбын жанды қиюға,
Қабыл емес, –
Құдай еді-ау, – хақылы?!.

*Серік АҚСҰҢҚАРҰЛЫ.*

*Жемқорлық – жегі құрт*

# Халық игілігіне көз алартпаған жөн

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сыбайлас жемқорлықпен ымырасыз күресу мемлекеттік саясаттағы негізгі басымдықтың бірі екенін жиі еске салады. Оның пікірінше, заң үстемдігін орнатып, нағыз құқықтық мемлекет құру үшін, ең алдымен, жемқорлықтың тамырына балта шабу керек.

Жемқорлық әрекеті үшін сотталған азаматтарды шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға тыйым салынды. Соттарға, құқық қорғау қызметкерлеріне, пара бергендерге және делдалдарға қатаң жаза қолданылатын болды. Былтырдан бері жалпыға бірдей салық декларациясын тапсыруды бастадық. Осы және басқа да шаралар айтарлықтай нәтиже беріп, жемқорлық деңгейі төмендеді. Дегенмен, түбегейлі өзгеріс әкелген жоқ. Мұны ашық айтуымыз керек. Азаматтарымыз әлі де күнделікті өмірде сыбайлас жемқорлық жағдайларымен бетпе-бет келуде, – деген еді Президент жыл басында өткен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі кеңесте.

Мемлекет басшысы құқық қорғау органдары батыл әрекет етпей, сыбайлас жемқорлықпен тиімді күрес жүргізу мүлде мүмкін емес деп санайды. Көп жыл бойы олар мәселені терең зерттемей тұрып, пара алушыларды қылмыс үстінде ұстап келді. Әртүрлі адам бір лауазымды атқарып отырып, бірдей мәселелерді шешкені үшін кінәлі деп танылған. Жемқорларды тұрақты түрде ұстап, түрмеге тоғытып отырған. Ал, сыбайлас жемқорлықтың белең алуына қатысты себептер мен жағдайлар ешкімді қызықтыра қоймаған. Тек соңғы жылдары ғана осы мәселеге назар аударыла бастағаны байқалады.

Қазақстан – ТМД елдерінің ішіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы арнайы заң қабылдаған алғашқы мемлекет. Сыбайлас жемқорлық қылмыстары секілді қоғамға қауіпті іс-әрекеттер мемлекетіміздің басқару жүйесін тұншықтырып, өзге маңызды салалардың дамуына нұқсан келтіруде. Шын мәнінде, адал қызмет атқаратын мемлекеттік органдардың арқасында ғана еліміздің экономикалық дамуы тұрақты болатыны анық.

**П.Шарипова,**
**Аудандық қазынашылық басқармасының бас маманы-бас қазынашысы.**

## Еске алу



Ақтоғай ауылының тумасы, аяулы анамыз **Рауза Оспанованың** тал бесіктен жер бесікке аттанғанына 20 жылдың жүзі болды.

Барлық өмірі еңбекпен өткен анамыз жалғанның ауыртпалығын мойымай көтеріп, балаларын бағып-қағып, өсіріп-жеткізіп, бірімізді ұяға, бірімізді қияға қондырып, мына өмірдің шаттық-думанын сыйлаған асыл анамыздың қадіріне ешкім жетпейтіні анық. Өмір көші анамызсыз жалғасып жатса да, көңіліміздің түкпірінде, жүрегіміздің төрінде, абзал анаға деген сағынышымыз жанымызды сарғайтуда. Марқұм анамыздың рухы пейіште шалқып, Алланың шапағатына бөленсін деп дұға бағыштаймыз.

Бүгінде жүрмесең де арамызда,
Бәрібір мәңгіліксің санамызда.
Рухыңа арнап дұға бағыштаймыз,
Сағынып өзіңді еске аламыз да.

**Еске алушылар: Қалижановтар әулеті.**

**Анамыздың өмірден өткеніне 20 жыл толуына байланысты 24-қыркүйек күні «Ақсораң» мешітінде сағат 13.00-де еске алу асы өтеді.**

**Соған барлық ағайын-туыс, құда-жекжат, көрші-қолаң, нағашы-жиен, замандастарын шақырамыз.**

## ХАБАРЛАНДЫРУ

Құрметті тұрғындар!

АҚ «АҚ Алтыналмас» ««Пустынное» кен орнындағы мұнай базасының құрылысы, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы» жұмыс жобасына ықтимал әсер ету есебі бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Ең жақын елді мекен –Ақжайдақ станциясы.

Ашық жиналыс түріндегі қоғамдық тыңдаулар 13.10.2022 жылы сағат 15:00-де Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақжайдақ станциясы, Байтерек көшесі, 37 (вокзал ғимараты, күту залы) мекен-жайы бойынша өтеді. Қатысушыларды тіркеу тыңдаулар өткізудің басталуынан 1 сағат бұрын жүзеге асырылады (өзімен бірге жеке куәлігі болуы міндетті).

Шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар Zoom қосымшасы арқылы онлайн режимде өткізіледі.

ZOOM конференциясына онлайн қосылуға сілтеме:

https://us04web.zoom.us

Барлық мүдделі тұлғаларды қатысуға шақырамыз.

Материалдармен бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады https://ecoportal.kz сондай-ақ, Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасынан эл. пошта арқылы сұрауға болады expertiza.upr_krg@mail.ru.

Ескертулер мен ұсыныстар мына сілтеме бойынша қабылданады: https://ecoportal.kz және Қарағанды қаласы, Лобода көшесі, 20, тел.: +7 (7212) 56-81-66, expertiza.upr_krg@mail.ru.

Қосымша ақпарат алу үшін мына электрондық поштамен және телефон нөмірімен хабарласуыңызға болады: O.Antonyuk@king.kz, тел.: +7 (727) 330-65-00 (2441).

Көзделіп отырған қызметтің бастамашысы — «АҚ Алтыналмас» АҚ, БСН 950640000810, кәсіпорынның заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Республика алаңы, 15.

Әзірлеуші – АО «Казахский институт нефти и газа», Алматы қаласы, Абылай хан көшесі, 77 мекен-жайы және +7 (727)330-65-04 телефоны бойынша алуға болады.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

Уважаемые жители!

АО «АК Алтыналмас» сообщает о начале проведения общественных слушаний в форме открытых собраний по Отчету о Возможных воздействиях к Рабочему Проекту ««Строительство нефтебазы на месторождении «Пустынное», Карагандинская область, Актогайский район».

Ближайший населенный пункт – станция Акжайдак.

Общественные слушания в форме открытых собраний будут проходить 13.10.2022 года в 15:00 по адресу Карагандинская область, Актогайский район, Ортадересинский с.о., с.Акжайдак, ул.Байтерек, 37 (здания вокзала, зал ожидания). Регистрация участников осуществляется по удостоверениям личности за 1 час до начала общественных слушаний (иметь при себе удостоверение личности).

В случае введения ограничительных мероприятий, в том числе карантина, общественные слушания проводятся в онлайн режиме через приложение Zoom.

Ссылка на онлайн подключение к конференции Zoom:

https://us04web.zoom.us

Всех заинтересованных лиц приглашаем принять участие.

С материалами можно ознакомиться на Едином экологическом портале https://ecoportal.kz; также запросить в Управлении природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области по эл. почте expertiza.upr_krg@mail.ru.

Замечания и предложения принимаются: по ссылке https://ecoportal.kz и по адресу г. Караганда, ул. Лободы 20, тел. +7 (7212) 56-81-66, expertiza.upr_krg@mail.ru.

Электронный адрес и номер телефона, по которым можно получить дополнительную информацию: O.Antonyuk@king.kz , тел: +7 (727) 330-65-00 (2441).

Инициатор намечаемой деятельности — АО «АК Алтыналмас», БИН 950640000810, Юридический адрес предприятия: Республика Казахстан, г.Алматы, площадь Республики, 15.

Разработчик: АО «Казахский институт нефти и газа» (КИНГ), г.Алматы, ул.Абылай хана, д. 77, тел. +7 (727) 330-65-04.

АБ

## Адибекова Жазира Зиядақызы



Сыйлы әріптесіміз, қимас досымыз, балаға ана, адал жар болған **Адибекова Жазира Зиядақызы** 9 қыркүйек күні мезгілсіз дүниеден өтті.

Ол 1970 жылдың 12-қыркүйегінде Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай селосында дүниеге келген. 1977-1987 жылдар аралығында Ә.Бөкейхан атындағы орта мектепте оқыды. 1987-1988 жылдары Қарағанды кооператив училищесін бітірген. 1989-1990 жылдар аралығында Ақтоғай қазынашылық банкте кассир болып жұмыс жасаған. 1990-1992 жылдар аралығында Қарағанды есеп-кредит техникумын сырттай бітіріп, есеп-бухгалтері мамандығын алған. 1992-1998 жылдар аралығында мемлекеттік Ұлттық банкте есеп-кассалық орталығының кассирі, 1998-2013 жылдары Ақтоғай қазынашылық басқармасында қызмет жасаған. 2013 жылдың қараша айынан 2014 жылдың қаңтар айына дейін Тасарал негізгі мектебінде есепші болып қызмет атқарған. 2014 жылдың қаңтарынан бастап Ақтоғай ауданының білім бөлімінің орталықтандырылған бухгалтериясында мемлекеттік сатып алу жөніндегі есепші болып қызмет жасады. Қызмет жасаған уақыттарында Жазира өзінің қарапайымдылығымен, жұмысына тиянақтылығымен ұжымға сыйлы болды. Қай салада болсын, өзіне жүктелген жұмысты абыроймен атқарып, біліктілігі мен іскерлігін көрсете білді.

Аққарқын, аққөңіл жан Жазира Зиядақызының есімі мен жарқын бейнесі жүрегімізден мәңгі өшпейді. Марқұмның отбасына, балалары мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамыз.

**Ақтоғай ауданының білім бөлімінің ұжымы.**

«Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Жезқазған аймақтық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымы» ардагер ұстаз Адибеков Зиядаға қызы **Адибекова Жазира**ның мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, отбасына, туған-туыстарына көңіл айтады. Жатқан жері жайлы, топырағы торқа, жаны жәннаттың төрінде болсын.

Ә.Бөкейхан атындағы тірек мектебі РО жанындағы интернаты КММ ұжымы осы мектептің мұғалімі Аман Мадинаға анасы **Адибекова Жазираның** ауыр науқастан мезгілсіз қайтыс болуына орай қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Ақтоғай «Балалар өнер мектебі» ҚМКҚ ұжымы осы мектептің көркем сурет мұғалімі Аман Заринаға сүйікті анасы **Адибекова Жазираның** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

## Хабарландыру

«Тасарал соль» ЖШС Қарағанды облысы Актоғай ауданындағы Ексор ас тұзы кен орнындағы тау-кен жұмыстарының жоспарына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі (ҚОҚБ) жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізетіндігі туралы хабарлайды (түзету), Рұқсат етілген шығарындылар нормативтері (РЕШН), Қалдықтарды басқару бағдарламасы (ҚББ), Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы (ӨЭББ), Табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары (ТҚІШЖ).

Қоғамдық тыңдаулар өтеді: 2022 жылғы 24 қазанда сағат 16:00-де, мекен-жайы бойынша: Қарағанды облысы, Актоғай ауданы, Тасарал а.о., Тасарал а., Ағыбай батыр көш., 11 (Әкімдік ғимараты).

Zoom платформасындағы тыңдауларға қатысу үшін онлайн қосылымға сілтеме: https://us05web.zoom.us/j/9307278401?pwd=eVFBdVM3aVNZVTZQdHU2M2tiTVR6QT09.

Конференция идентификаторы: 930 727 8401.

Пароль: iX4Wgb.

Тапсырыс беруші: «Тасарал соль» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Актоғай ауданы, Тасарал ауылы, Орталық көш., 13 үй.

БСН: 171040010845.

Директоры: Жолдыбаев Д.Н.

Байланыстар: тел.: 8 (702) 846-61-41, e-mail: tasaral.salt@gmail.com.

Әзірлеуші: «Сарыарқа экология» ЖШС, Қарағанды қ., Қазыбек би атындағы ауданы, Әлиханов көшесі, 14б.

БСН: 150640024474

Өкілі: Обжорина Т.Н.

Байланыстар: тел.: 8(776) 526-31-31, e-mail: tanya_ob80@mail.ru.

Қоғамдық тыңдау материалдарымен ecoportal.kz және https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru сайттарда танысуға болады.

Жоба бойынша қосымша ақпаратты 8 (776) 526-31-31 телефоны арқылы сұратуға болады, tanya_ob80@mail.ru.

Ескертулер мен ұсыныстарды «Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ келесі мекен-жайлар бойынша қабылдайды: expertiza.upr_krg@mail.ru және Қарағанды қ., Лобода к., 20.

## Объявление

ТОО «Тасарал соль» объявляет о проведении общественных слушаний по проекту Раздел «Охрана окружающей среды» (РООС) к Плану горных работ на месторождении поваренной соли Ексор в Актогайском районе Карагандинской области (корректировка), Нормативы допустимых выбросов (НДВ), Программа управления отходами (ПУО), Программа производственного экологического контроля (ППЭК), План природоохранных мероприятий (ППМ).

Общественные слушания состоятся: 24 октября 2022 года в 16:00, по адресу: Карагандинская область, Актогайский район, Тасаралский с.о., с.Тасарал, ул. Агыбай Батыра, 11 (здание Акимата).

Ссылка на онлайн подключение для участия в слушаниях на платформе Zoom: https://us05web.zoom.us/j/9307278401?pwd=eVFBdVM3aVNZVTZQdHU2M2tiTVR6QT09.

Идентификатор конференции: 930 727 8401.

Пароль: iX4Wgb.

Заказчик: ТОО «Тасарал соль», Республика Казахстан, Карагандинская область, Актогайский район, село Тасарал, ул.Орталык, д. 13.

БИН: 171040010845.

Директор: Жолдыбаев Д.Н.

Контакты: тел.: 8 (702) 846-61-41, e-mail: tasaral.salt@gmail.com.

Разработчик: ТОО «Сарыарка экология», г.Караганда, район им. Казыбек би, улица Алиханова, 14Б.

БИН: 150640024474.

Представитель: Обжорина Т.Н.

Контакты: тел.: 8 (776) 526-31-31, e-mail: tanya_ob80@mail.ru.

С материалами общественных слушаний можно ознакомиться на сайте ecoportal.kz и https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru.

Дополнительную информацию по проекту можно запросить по тел.: 8 (776) 526-31-31, tanya_ob80@mail.ru.

Замечания и предложения принимает ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области» по адресам: expertiza.upr_krg@mail.ru и г.Караганда, ул.Лободы, 20.

АБ

## Құттықтаймыз!



**Дүниедегі мамандық атаулының төресі – ұстаздық. Әсілі, мұғалім барлық мамандық иесін тәрбиелейтін, оқытып үйрететін мейірімді абзал жандар. “Мұғалім мамандығы – барлық мамандықтың анасы” демекші, ұстаз алдынан тәрбие алмайтын жан жоқ. Ұстаз берген тәрбие әрбір жанның өміріне жол сілтер шамшырақ секілді. Ақши ауылының қарт ұстазы Рымкүл Хамзина Ақши мектебінде бастауыш сынып мұғалімі болып, саналы өмірін педагогтік қызметке арнап, бір білім ордасында 40 жылдай еңбек етті. Еңбек жолын 1972 жылы осы аталған мектепке “Мектеп меңгерушісі және бастауыш сыныптар мұғалімі” лауазымынан бастады. Қаншама түлек тәрбиелеп, оларға білім беріп, ұядан ұшырды. Олар қазір еліміздің түкпір-түкпірінде табысты еңбек етіп жүр. 2010 жылы Р.Хамзина зейнеткерлікке шықты. Еңбектегі жетістіктері үшін бірнеше марапаттарға ие. Сіздің мерейлі 70 жасқа толған туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймыз! Деніңізге саулық, өміріңізге шаттық тілейміз.**

Құтты болсын 70 жасыңыз,
Сексеннің де сеңгірінен асыңыз.
Қуат алып, денсаулықтың нәрінен
Жүзіп өтіп жүзге аяқ басыңыз!

**Ақши негізгі орта мектебінің ұжымы.**

*Өрт – тілсіз жау*

# ОРМАН – ел дәулеті, жер сәулеті

Орман өрттері құрғақ ауа райы мен жел кездерінде айтарлықтай үлкен аумаққа таралып кетеді. Ауа райының ыстық кездерінде, егер жауын-шашын болмаса, ормандар құрғап, кез келген абайсыз жанған оттың әсерінен өрт тез таралып кетуі мүмкін. Өртке ең қауіпті орман өсімдіктеріне қарағайлы, жапырақты ағаштар, қыналар, ит бүлдіргендер, аршалар, тағы басқалары жатады. Құрғақ құмды, топырақты жерлердегі ағаштарға өрт ең жиі әрі тез таралады, бірақ оларды өшіру оңайырақ келеді. Ормандағы жерге түскен қылқан жапырақтар, бұталар және құрғақ шөптер өрт қаупін тудырады. Олар үлкен өрттің тұтануына алып келеді.



Біздің аудандағы Актоғай орман шаруашылығының қарағайлы орманына таңқалмайтын, қызығып, сүйсіне қарамайтын адам кемде-кем. Бұл орман тұтас ауданымыздың мақтанышы десек, артық айтқанымыз емес. Осынау ғажайып табиғаттың көрінісін тамашалауға, аудан тарихымен танысуға еліміздің түкпір-түкпірінен туристер, демалушылар жиі-жиі келетіні көңіл қуантады.

Десек те, бес саусақтың бірдей болмайтыны секілді, адамдар да әркилы. Кейбір демалушылар орманның таза ауасымен тыныңып, сұлулығын тамашалай жүріп ас-ауқат әзірлеу қамымен от жағады, сондай-ақ, пайдаланып болғаннан кейін түрлі тұрмыстық қалдықтарын тастап кетіп жатады. Жүргізілген статистикаға иек артар болсақ, орман өртінің 93 пайызы адамдардың салдарынан болады екен. Жалпы, орман өртінің 3 түрі болады, олар: жер асты, төменгі және жоғарғы өрттер. Өрттің 90 пайызы төменгі сипатта көрініс табады. Бұл жағдайда топырақтың үстіңгі қабаты өртеніп, ағаштардың төменгі бөлігін және шөптерді жалын шарпиды.

Әр жылдың 15 сәуірі мен қараша айының 15-іне дейінгі аралық өрт қаупі жоғары кезең болып саналады. Қазір шөп, шалғынның барлығы қурап тұрған кез. Бұдан былай аудан тұрғындары қысқы отын әзірлеу қамына кірісіп, орманнан отын тасиды. Сондықтан, орман шаруашылығының мекемесі орман өртінің алдын алу шараларын еске салады:

– Орманға демалуға барған кезде арнайы рұқсат алып, бекітілген арнайы демалыс орындарына бару қажет;

– қайтар кезде отырған орынды жинап, от ошағына су құйып немесе топырақпен көміп сөндіру керек. Әйнек, қағаз және тұрмыстық қалдықтарды қоқысқа тастау керек;

– көліктер өрт сөндірудің бастапқы құралдарымен қамтылуы шарт. Олар: күрек, өрт сөндіргіш құрылғылар, т.б.

Осы орайда айта кетерлігі, өрт қауіпсіздігі ережесін бұзғандарға Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 284-бабына сәйкес, айыппұл салынатынын ескерткіміз келеді.

Орман өрті – үлкен апат. Ол орманға ғана емес, қоршаған ортаға да үлкен зиянын келтіреді. Сондықтан, ауыл тұрғындарын, сырттан келген демалушылар мен қонақтарды Табиғат-ана сыйлаған асыл мұра – орманымызды сақтауға шақырамыз!

**А.Бақышев,**
**«Орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі Қызыларай шаруашылығының» орманшысы.**


**Құрылтайшы:** ЕЛЕУСИЗОВА ГУЛНАР МЕТАЕВНА
**Редактор:** Г.ЕЛЕУСИЗОВА
**Меншік иесі:** ‘‘Актоғай ажары’’газеті редакциясы ЖШС
**Тіркеу куәлігі:** №KZ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)
Газет аптасына 1 рет шығады

**Жауапты хатшы: Думан Қабыл**
**Кезекші редактор: Еркебұлан Айтжан**
Газет редакциянның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды каласында «Арко» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй
Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді.
Таралымы 850 дана

**Мекен-жайымыз:** 100200, Актоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.

**Телефондар:** редактор: 2-18-81, тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39

Электрондық пошта aktogai_red @ mail.ru
Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.